

ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ӨНЕР

ПЕДАГОГИКА И ИСКУССТВО



2006 жылдан
бастап шығады
Основан в
2006 году

Жылына 6 рет шығады.
Издается 6 раз
в год.

5(7)

2007

«Қазақ даласының жұлдыздары» Араб шежірелері және Әл-Фараби

Әл-Фарабиден кейін ғұмыр кешкен араб жылнамашы-тарихшыларының Отырар перзенті жайлы естеліктері—зерттеушілер үшін аса бағалы қазына. Араб тілінде жазылған бұл дүниелердің алғашқы авторлары Х ғасырда күн кешсе, яғни Әбу-Нәсірмен тұстас болса, басқалары XII-XIII ғасырларда өмір сүрген. Солардың бірі – Захир ад-Дин Әбу-л-Хасан әл-Байһақи (1099-1170). Оның «Татиммай суану л-хикма» («Даналық сөздерге толықтырма») деген еңбегінің көшірмелері қазірге дейін қолжазба күйінде Тегран, Ташкент, Бомбей, Хайдарабад, Лондон кітапханаларында сақталып келеді. Оның кейбір үзінділері ағылшын тіліне аударылып, 60-жылдардың басында Индияда жарық көрді.

Әл-Байһақи өз жылнамасында мұсылман Шығысынан шыққан озық ойлы фәлсапашылар, дәрігерлер, астрономдар, олардың өмірбаяны мен еңбектері туралы әңгімелейді, қызықты деректер келтіреді. Әл-Байһақи кітабында Әл-Фараби жайлы да тарау бар. Оның ол Әбу Нәсір өмірінің түрлі кезеңдерін суреттеумен бірге ғалымның шығармашылығына да тоқталады. Әл-Байһақидің шығыс тарихшылары ішінде Әл-Фарабиден екі ғасыр ғана кейін ғұмыр кешкендіктен де оның жазбаларын зерттеушілер құнды шығармалар қатарына жатқызады. Бірақ өкінішке орай әл-Байһақидің аталған шығармасы әлі күнге дейін қолымызға түспей келеді.

XIII ғасырдың ортасында өмір сүрген араб тарихшысы Әли ибн Саид әл-Қифти (1167-1248) Әл-Фараби өміріне байланысты тың деректер келтіре отырып, Әбу Нәсірдің ғылыми еңбектеріне ерекше баға беріп, ғылымға қосқан үлесін айқындаған. Ұлы ойшылдың тұстастары мен шәкірттері жайлы бұрын ұшыраспаған тарихи әңгімелерді келтіреді. Сондай-ақ Әл-Фарабидің 72 трактатын атайды.

Араб жылнамашысы Ибн Халликан (XIII ғ.) «Китаб уафайат әл-ағһан уа анба абна аз-заман». («Ұлы адамдардың қазасы және заманның ұлдары жайлы мағлұматтар туралы кітап») атты еңбегінде исламға дейін және кейін өмір сүрген әдебиетшілер, ақындар, тарихшылар, халифалар, әкімдердің өмірі жайлы қызықты деректер айтады. Ол әл-Фарабидің Фараб (Отырар) шаһарында туылғанын, түркі текті екенін айта келіп, жерлесіміздің өмірі жайлы

құнды мағлұматтар береді. Бұл еңбек осысымен де қызық, осысымен де қымбатты.

Бірақ Әл-Фараби жайлы күллі араб тарихшыларының ішінен белгілі ғалым, машһүр дәрігер Ибн Әби Усайбиғаның (1203-1270) «Уйуну-л-анба фи-т-табақату-л-атибба» («Дәрігер топтары жайлы жаңалықтардың қайнар көзі») атты дәрігерлер хақында баяндайтын библиографиялық еңбегі үлкен орын алады. Бұл жылнама бірнеше мәрте Каирде, Бейрутте жарық көрді. (Біз 1881 жылы Каирде шыққан басылымын пайдаландық.) Осы кітаптың «Шамнан шыққан мәшһүр дәрігерлер тобы» деп аталатын 15-тарауы Әбу Нәсір әл-Фарабимен басталған. Мұнда ол өзгелер айтпаған жерлесіміздің дәрігерлік қырына тоқталған, сондай-ақ оның сайф ад-Дауланьң сарайында өткізген біраз жылдары, Мысырға сапары жайлы қызғылықты мағлұматтар келтірген, грек фәлсафасының ерте замандағы жәй-күйі жайлы құнды деректер берген, фәлсафа ілімнің әл-Фарабиге дейінгі тарихына да байыпты бағдар жасаған. Әл-Фарабидің Аристотель мен Платонның фәлсафалық еңбектерін қалай меңгергенін де екежей-тегежейлі баяндаған. Тіптен Отырар перзентінің 22 жолдан тұратын бәйіттерін де келтірген. Ал оның 12 жолы біздерге бұрын-соңды кездеспеген. Ибн Әби Усайбиға еңбегінің тағы бір құндылығы өз жылнамасында ол ұлы ұстаздың бір жүз бес трактатының атын атайды. Осы күнге дейін ғалымдар Шығыс Аристотелінің қанша еңбек жазғанын, олардың нақты аттарын дәл басып айта алмайтынын ескерсек, Ибн Әби Усайбиға естелігінің жаңалығын да, құндылығын да осыдан-ақ біле беруге болады. Оның бұл еңбегі көпке дейін қолымызға түспей келеді. Санкт-петербург, Мәскеу, Алматы кітапханаларынан сарсыла іздеп таппағанбыз. Тек, 1975-1976 оқу жылдары Марокко араб мемлекетінің астанасы рабад шаһарындағы Мұхаммад V атындағы университетте оқып жүріп кітапханадан фото көшірмесін алдық. Міне, жерлесіміз жайлы баяндайтын бұл еңбекті де солай тауып, қазақша сөйлетіп отырмыз. Отырар перзентінің өмірбаянына байланысты жоғарыда аталған араб тарихшыларының жазбаларын қазақ тіліне тәржімалауымыздың себебі, кезінде, әсіресе, батыс Европа елдерінде әл-Фараби туралы зерттеулердің көпшілігі осы Захир ад-Дин Әбу-л-Хасан әл-Байһақи, Ибн Саид әл-Қифти, Ибн Халликан, Ибн Әби Усайбиға жазбаларына негізделіп жазылған еді. Оның әл-Фарабидің өмірі мен шығармашылығын зерттеуші біздің ғалымдарымызға да тигізер пайдасы зор. Сондықтан да Ибн Халликанның «Аса ірі фәлсафашы», Ибн Әби Усайбиғаның «Шамнан шыққан дәрігер» атты естеліктерімен тарихи құжаттар ретінде қазақ оқушыларын ықшамдап болса да таныстыруды борушымыз деп ойлаймыз.